

**2013 жылға халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 5 желтоқсандағы № А-12/592 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 26 желтоқсанда № 3559 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімінің 2014 жылғы 4 ақпандағы № 01-91 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімінің 04.02.2014 ақпандағы № 01-91 хатымен).

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

«Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 5, 7 баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабына сәйкес, аудан әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. 2013 жылға халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі

белгіленсін:

- 1) 21 жастан 29 жасқа дейінгі жастар;
- 2) ұзақ уақыт жұмыс істемеген (бір жылдан көп) азаматтар;
- 3) м и г р а н т т а р ;
- 4) азаматтық қызметтен босатылғандар;
- 5) техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің бітірушілері;
- 6) ауырғаннан кейін емделу курсынан өткен, туберкулезбен ауыратын т ұ л ғ а л а р .

2. Осы қаулының орындауын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қ.Әлжановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жарқайың ауданының әкімі*

*Т.Хамитов*

